



Шахметова Ажар Шайгазиновна

1943 жылғы 24 наурызда Павлодар облысы Лебяжі ауданының Қара Лебедь ауылында дүниеге келген.

Потанин атындағы орта мектепті тәмамдағаннан кейін Н.К. Крупская атындағы Семей педагогикалық институтына оқуға түсті.

Институтты бітірген соң бүкіл ғұмырын ауыл жастарын оқыту мен тәрбиелеуге арнады. Майқарағай орта мектебінде еңбек жолын бастап, кейін Арбақты орта мектебіне биология пәнінің мұғалімі болып ауыстырылды.

Алты ұлды дүниеге әкеліп, тәрбиелеп өсірді. І дәрежелі «Батыр ана» медалімен марапатталған, сондай-ақ білім беру саласындағы үздік еңбегі үшін грамоталармен наградталған. Әріптестері арасында зор беделге ие болып, оқушыларының құрметі мен сүйіспеншілігіне бөленді. Ажар Шайгазиновна талай буын шәкірт тәрбиеледі.

1995 жылғы 2 тамызда ұзаққа созылған сырқаттан кейін Ажар Шайгазиновна өмірден өтті. Оның бойында қаншама жылылық, мейірім, өз ісіне деген адалдық бар еді! Ол соңғы күндеріне дейін мектепте еңбек етті.

Ұстаз арамызда жоқ, бірақ ол өз шәкірттері мен балаларының жүрегінде мәңгі сақталады.

